

7

ТАРАУ

Көбейту және бөлу

Қала аймағында немен айналысуға болатыны жайлы сөйлесіңдер.



Екітаңбалы сандарды көбейту

Кіріспе тапсырма



Біздің маңайда дүкен бар.





Қораптардағы апельсин санын табу жолдары туралы ойлап көр.

Достарымыздың ойы







жолы



4 қорапта 10 апельсиннен
 $= 4 \times 10$ апельсин
 $= 40$ апельсин

Мен он-оннан санай аламын.





Мен 20-дан да санай аламын.

$$4 \times 10 = 40$$

Яғни, $4 \times 20 = 40 + 40$

$$= \square$$

Барлығы \square апельсин бар.



10-ның екі есесі 20 болады.

4×10 -ның екі есесі 4×20 болады.




4 пен 20-ның көбейтіндісі 80 болады дейміз.





жолы

$$2 \times 20 = 20 + 20 = 40$$



$$4 \times 20 = 40 + 40 = \square$$



2 × 20 қолданып
4 × 20 табу үшін
екі еселеуді
қолданамын.

Барлығы апельсин бар.



жолы



бірлік

$$4 \times 2 \text{ бірлік} = 8 \text{ бірлік}$$



ондық

$$4 \times 2 \text{ ондық} = 8 \text{ ондық} = 80$$

Барлығы 80 апельсин бар.



Біз дисктерді де
қолдана аламыз.